

С.К. Абильдина, С.Х. Медиева*, М.Н. Шаяхметова, М.А. Рахметуллина

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sara.orazbaeva.66@mail.ru)*

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың мәні мен мазмұны

Мақалада шетелдік және отандық зерттеушілердің «педагогикалық дизайн» ұғымына талдау жасалынып, зерделенген. Педагогикалық дизайнның көпқырлылығын ескеріп, зерттеу кезеңдеріне сипаттама берілген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау тәжірибесінде педагогикалық дизайнды қолдану аспектілері қарастырылған. Зерттеу жұмысының барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау кезіндегі педагогикалық дизайнды қолдану мәселесі, даярлау барысында туындаған қайшылықтары және шарттары қарастырылған, сонымен қатар даярлау барысындағы тиімділігі анықталған. ADDIE модулі педагогикалық дизайнның басқа модульдерінің негізі болып табылады. Осы модульді қолдану арқылы педагогикалық дизайн білім алушылардың ақпараттық-білім беру ортасын құрастыру және түрлендіруге қолжеткізетіндігі туралы айтылған. Сонымен қатар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың үш деңгейінің сипаттамасы ұсынылып, құрылымдық компоненттері мен критерийлері көрсетілген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметте педагогикалық дизайнды қолдануға дайындау мәселесі тиісті деңгейде ұйымдастырылмай отырғандығы анықталған, ол дайындық үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етпеу мақсатынан туындап отыр. Авторлар мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде педагогикалық дизайнды қолдануға дайындау мүмкіндіктерін талдап және педагогикалық шарттарын айқындаған.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, инновациялық технология, педагогикалық дизайн, білім беру жүйесі, бастауыш сынып мұғалімдері, педагогикалық жүйе, кәсіби даярлау, құрылымдық моделі, даярлық деңгейі, педагогикалық процесс.

Kipicne

Қазіргі кезде білім беру жүйесінің басты мақсаты — білім мазмұнының жаңаруымен қатар, заманның талабына сай жетілдіру үшін оқытудың жаңа технологиялары мен құралдарын оқу процесінде қолдану мәселесіне қарастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдары жүзеге асыруға бағытталған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың білім сапасын арттыру» [1] қажет деп көрсетілгендей жаңа форматтағы бастауыш сынып мұғалімінің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік пен қатар, оқу-тәрбие үдерісіне тиісті мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешуге қабілеті бар жаңашыл мұғалім қажет. Жаңа көзқараспен, білімді де білікті, өзгеруге дайын және жаңа талаптарға жауап беретіндей шығармашыл және кәсіби қырынан қарағанда шебер мұғалімдерді қажет етіп отыр. Сонымен қатар, бастауыш сыныптан бастап мектепте оқушылардың табысты оқуы, өмірде табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты десе болады. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімі жаңашыл, бейім, өзгерістерді тез арада қабылдауға дайын, жан-жақты, инновациялық технологияларды меңгерген болуы тиіс.

Еліміздің білім беру жүйесі — бұл ақпараттық технологиялармен тікелей байланысты қарқынды дамып келе жатқан процесс, бұл өз кезегінде прогрессивті технологияларды іздеуге әкеледі. Соның ішінде өзіндік жұмыс түрлерінің, жағдайлардың әртүрлілігі студенттердің сыни ойлау қабілетін, аналитикалық қабілеттерін дамытады. Мұндай міндеттерді шешудің тетігі мен технологиясы педагогикалық жүйеге енді ғана енгізіліп жатқан педагогикалық дизайн болып табылады. Осылайша, педагогикалық дизайн қазіргі жағдайда ақпаратпен жұмыс істеу технологиясы ретінде өзгеріп отыратын білім беру жүйесінің сын-қатерлеріне, базалық құзыреттіліктерді дамыту құралдарын іздеуге, білім алушыларды ынталандыруға, білім беру нәтижесінің сапасына қол жеткізуге бағытталған жауап болып табылады.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында педагогикалық дизайнды пайдалануға даярлау өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан қазіргі кезде жоғары білім беру жүйесінде

педагогикалық дизайнды тиімді қолдану осы мәселені шешу қырларының бірі болып отыр. Педагогикалық дизайн оқытудың әртүрлі ұйымдастырушылық формалары мен әдістерінің барлық спектрін қарастырады. Педагогикалық дизайн ең сәтті және тиімді электронды оқу материалдарының авторлары жасаған заңдылықтар мен принциптерге негізделген, яғни, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданатын әртүрлі оқыту құралдары. Педагогика мен дидактикадағы бұл бағыт жаңа болғандықтан, теория да, көбінесе педагогикалық дизайн практикасы нақты даму барысында үнемі жаңартылып отырады.

Әдістер мен материалдар

Кейінгі кезде мектептің жаңартылған білім беру жүйесінде қорытынды нәтижеге бағдар алған оқытудың алуан түрлі әдіс-тәсілдері кең қолданыста. Осыған орай жалпы білім беретін орта мектептің басты міндеті оқушыға қажетті білім, білік пен дағдының негізін салып қана қоймай, қарапайым тұрмыстағы іс-әрекетінде кездесетін мәселелерді шешу үшін пайдалануға үйрету болып саналады. Бүгінгі күні кәсіби білім беру саласы оқытудың заманауи тәсілдерін кеңінен қолдануды қажет етеді. Солардың ішінде оқыту барысында педагогикалық дизайнның мүмкіндігі оқытудың құралдары ретінде зор болып отыр. Студенттерге интербелсенді білім беру ортасын құруда педагогикалық дизайн оқытушының кейбір қызметтерін жеңілдетеді. Бұл жерде графикалық материалдар, көрнекіліктер, әр түрлі аниамациялар мен видеокөрсетілімдер сабақты әдістемелік қамтамасыз етеді. Осы айтылғандардан зерттеу жұмысының өзектілігі анықталады.

Оқытушы негізгі субъект болып табылатын дәстүрлі оқыту жүйесіндегі ең маңызды бағыт — студенттердің оқу іс-әрекетінің сәтті өтуіне жағдай жасау. Қазіргі білім беру жүйесі студенттің өзіндік жұмысының айтарлықтай үлесіне бағытталған. Бұл педагогикалық дизайнның маңыздылығын біршама қысқартты: оқыту құралдарын әзірлеу теориясы мен практикасы ретінде. Білім беру саласында қызмет ететін маманның кәсіби қызметінің ерекшелігі басты кәсіби білімі мен іскерлігіне негізделі отырып, қажетті материалдар мен оқытудың құралдарын өз іс-әрекетінде оңтайлы қолдана білуіне байланысты. Бұл жағдайды білім алушылар әртүрлі мәтіндермен, графикалық материалдармен және оларды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етумен, соның ішінде электронды түрде жұмыс істеуді талап етеді. Сонымен қатар, белгілі бір орындау регламенті бар жұмыс түрлері ұсынылады.

Педагогикалық дизайнды біздің және шетелдегі мамандар бірден бірнеше салада қарастырады: ғылым саласы ретінде, арнайы педагогикалық пән ретінде және оқу материалдарын жобалау практикасы ретінде, мұнда мұғалім оларды жасаушы болып табылады.

Адамның ойлау қабілетіне қарағанда биологиялық қабілеттері басым түсетін озық технологиялардың жаңа түрлері күн санап пайда болуда. Осындай құбылыстар қолдау тауып, білім жүйесіне енгізілсе, студенттерге өте қолайлы жағдай жасалады және саланың дамуына ықпал етеді деген ойдамыз.

Педагогикалық дизайнның негізі болып табылатын ақпараттық технологияны білім беру процесінде қолданудың теориялық негізін қалаған А.П. Ершов, Б.С. Гершунский, Е.Қ. Балапанов [2-4] т.б. ғалымдарды атап айтуға болады. Кәсіби білім беру саласында мамандарды даярлаудың әдістемелік негізін қарастырған отандық ғалымдарды айта кетер болсақ, Е.Б. Бидайбеков, Ж.К. Қараев, В.В. Леонов [5-7] т.б. еңбектері бар.

Ғылыми әдебиеттерді талдау Д.А. Махотин, Merrill [8-9] сияқты шетелдік ғалымдардың педагогикалық дизайн саласындағы зерттеулерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді, шетелдік ғалымдар Р.М. Ганье, Л. Бригге, В. Вагер, В. Герлах және Д. Эли [10-11] педагогикалық дизайнның мәнін, принциптері мен құралдарын зерттеген.

Білім беру мазмұнын жаңғырту заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға қойылатын заманауи талаптар өз халқының трансформациялық қызметтегі прогрессивті дәстүрлерін зерттеуге жаңа көзқараспен байланысты.

Педагогикалық дизайнның теориялық негіздерін, модельдері мен принциптерін зерттеген А.П. Грецова, А.Г. Клепикова, М.Н. Краснянский мен И.М. Радченко, А.Ю. Уваров [12-15] және т.б.

И.А. Демидованың ғылыми мақаласында ресейлік және басқа да шетелдік зерттеулердегі «педагогикалық дизайн» ұғымы талданған. Сонымен қатар оның авторлық түсіндірмесі ұсынылады. Көрнекі, аудиовизуалды және пәндік-кеңістіктік деп аталатын педагогикалық дизайн құралдарына ерекше назар аударылған. Олар принциптер жиынтығына негізделген педагогикалық құралдар мен дизайн құралдарының үйлесімі ретінде қарастырылған. Мысалы, тиімді мақсат қою, даралау және сызықтық емес, өкілдік жүйелерге кешенді әсер ету, рефлексивтілік және кері байланыс ретінде. Автор осындай

құралдардың бірі құру процесін сипаттайды деп көрсетеді және оны жоғары сынып оқушыларының құндылық бағдарларын қалыптастыру процесінде қолданудың тиімділігін эмпирикалық түрде дәлелдеген [16].

Отандық білім беру барысында педагогикалық дизайн саласындағы заманауи жетістіктерді зерттеуде жүйелі тәсіл қалыптаспаған, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметте педагогикалық дизайнды қолдануға дайындау жүйесі тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған және осы дайындық үшін қажетті оқу-әдістемелік материалдар іс жүзінде жоқ. Бұл бағыттағы анықтамалық бастама ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде педагогикалық дизайнды қолдануға дайындау болып отыр.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақ педагогикалық қызметінде педагогикалық дизайнды меңгеру дағдыларын пайдаланудың маңыздылығын түсінуі қазіргі оқушыларды оқытудың тиімділігі мен жайлылығын арттыруға үлкен мүмкіндіктер ашады. Әрбір әлеуетті мұғалім білім беру процесінде педагогикалық дизайнның тасымалдаушысы болуы керек.

Педагогикалық дизайн — бұл білім беру үдерісіндегі психологиялық-педагогикалық, технологиялық және әдістемелік талаптарға негізделген, әзірлемелердің тиімділігін талдауды, жобалауды, әзірлеуді, қолдануды және бағалауды қамтитын электрондық оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеудің тұтас үдерісі.

Осыған байланысты В.Н. Подковырова: «Педагогикалық дизайн — оқытудың қажеттіліктері мен мақсаттарын талдаудың тұтас үдерісін, сондай-ақ осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін білім беру тәсілдерінің жүйесін дамыту [17].

Білім беру процесінде педагогикалық дизайнды жобалаудың технологиялық тәсілдеріне М.Е. Ақмамбетова, Л.М. Миляева, И.А. Романовскаялардың жұмысы арналған, онда қазіргі білім беру процесіндегі өзектілігі мен болашағы атап көрсетілген. Сонымен қатар, теория мен практикадағы проблеманың қазіргі даму жағдайы, педагогикалық дизайнды жобалау процесінің маңызды сипаттамалары нақтыланып, зерттелетін категорияға авторлық жалпылама анықтама берілген [18].

Бүгінгі таңда мектепке, қызықты сабақтар өткізетін мұғалімдер қажет. Сондықтан мұғалімдердің алдында сұрақ туындайды: сабақта алған білім оқушының бәсекеге қабілетті тұлға болуына көмектесу үшін не үйрету керек, қалай үйрету керек. Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жандандыру факторларының бірі оқу процесін ұйымдастырудың алуан түрлілігі болып табылады. Оқушыларды топтық жұмыстар мен танымдық іс-әрекет әдістері арқылы белсенді іс-әрекетке қосу сабақтың оқу-тәрбие мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

С.А. Курносованың пікірі бойынша педагогикалық дизайнды жобалау барысын көп деңгейлі үдеріс ретінде қарастырып және оны игеру жаңа форматтағы мұғалімнің құзыреттілігінің сипаты болып табылатындығын айтады. Қазіргі кездегі жоғары мектептің өзекті мәселесі ретінде білім беру процесіндегі инновациялық үрдістерге байланысты қарастырылуы керек. Автор студенттерді педагогикалық дизайнды жобалауға дайындау принциптерінің үш тобын тұжырымдады: 1) жоғары педагогика принциптері; 2) педагогикалық объектілерді жобалау принциптері; 3) педагогикалық дизайн принциптері. Педагогикалық дизайн қағидалары жеке қарқынмен, семантикалық диалогпен, оқу ақпаратын мультимедиялық ұсынумен қамтамасыз ету принциптерімен ұсынылған. Сондықтан «тағайындалған уақыт аралығында білім алушыларға ұсынылатын ақпарат көлемі олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Бұрыннан бар білім деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін, бәрімізге мәлім бірқатар ресми әдістер бар, бірақ білім деңгейі жоғары, тәжірибесі мол оқытушы аудиторияның көңіл-күйін пайымдап, оның білім деңгейінің өткен тақырыпқа байланысын болжап, материалды қабылдауға дайындығын және сәйкесінше сабақтың барысын түзете алады» [19].

Д.В. Воронинаның мақаласы қашықтықтан оқыту формасында студенттердің оқу мотивациясын арттыру мәселесіне арналған. Ол қазіргі заманғы жоғары білім берудің көптеген өзекті мәселелерін шешудегі негізгі бағыт ретінде студенттердің оң уәждемесі екенін атап өтті. Зерттеуші оқыту нысанына қарай аталған мәселенің алуан түрлі тәсілдеріне талдау жүргізген. Онда күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында білім алатын білім алушылардың ынтасын арттырудың мүмкіндіктері мен түрлі тәсілдері талданып, отандық және шетелдік педагогикалық мектептердің әдістемелерін қарастырады. Педагогикалық дизайнды қолдана отырып, әзірлеу кезінде мотивацияны арттырудың педагогикалық әдістерінің мүмкіндіктері талданған. Ол үшін педагогикалық дизайндағы оқу курсы жобалау кезеңдері және зерттеуші Джон Келлер жүйесі бойынша оқытуды жобалаудағы мотивацияны арттыру кезеңдерін жүйелеген. Оған күндізгі және қашықтықтан оқыту формалары арасындағы түбегейлі айырмашылықтарды, сондай-ақ олардың студенттің мотивация процесіне әсерін ашып көрсетеді.

«ADDIE» педагогикалық дизайнының классикалық моделіне және оның бес негізгі кезеңіне қысқаша сипаттама беріледі, қашықтықтан білім берудегі оқу курсын құру проблемалары және осы күрделі және көп қырлы процеске әсер ететін факторлар талданады. Осы зерттеуде авторлар педагогикалық дизайнды оқу курсын құруды оңтайландырудың белгілі бір педагогикалық моделі ретінде қарастырған. Бұл модельдің басқа модельдерден айырмашылығын атап айтатын болсақ, тұрақты рефлексия, жұмыс басталған сәттен бастап қорытындылауға дейінгі курсты түзету мүмкіндігі бар екендігін көрсеткен [20].

Сондықтан педагогикалық дизайн принциптерін меңгерген болашақ мұғалім мұқият жоспарлы түрде дайындаған оқу материалы арқылы және заманауи ақпараттық технологиялардың негізінде, оқу нәтижесіне кепілдік беретін оқыту әдістерін әзірлейді. Педагогикалық дизайн білім беру үрдісінің негізгі құрылымы ретінде оқытудың маңызды бөлігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі жағдайда болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметте педагогикалық дизайнды қолдануға дайындау қажеттілігі әртүрлі мектеп пәндерін оқыту технологиясын әзірлеу, оқу процесіне электрондық оқу материалдарын енгізудің тиімді жолдарын әзірлеу қажеттілігін тудырды.

Нәтижелер және оларды талдау

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сараптамалық қорытындысы көрсеткендей, болашақ бастауыш сынып мұғалімін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлау ісі тиісті деңгейде қарастырылмағанын және арнайы жүйені ұсынуды талап етеді.

Зерттеу жұмысының барысында біз болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау ісіндегі педагогикалық дизайнды қолдану мәселесін қарастыруды мақсат етеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлау мәселелері көпәспектті және басты қайшылықтарды шешумен байланысты:

- жоғары білім беру саласын жаппай цифрландыру жағдайында орта білім беру жүйесіне мұғалімдерді бүгінгі талаптарға сай даярлауды жетілдірумен осы даярлауды әдістемелік тұрғыдан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігінің арасында;

- жоғары білім беру жүйесінде қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлығына талаптардың едәуір өскендігі арасында және оған сай педагогикалық дизайн мүмкіндіктерін сабақта пайдалану мүмкіндігінің жеткіліксіз деңгейде болуы;

- болашақ бастауыш сынып мектеп мұғалімдерінің бәсекелестікке бейімділігін, жаңашыл мұғалімді даярлауға кепілдік беруін қамтамасыз ету мен олардың педагогикалық дизайнды қолдану деңгейінің төмен болуының арасында.

Аталған қайшылықтар зерттеу жұмысының проблемасын анықтауға түрткі болды: ғылыми-педагогикалық, ұйымдастыру-технологиялық қамтамасыз ету педагогикалық дизайнды қолдануға даярлау процесін анықтады.

Зерттеу жұмысымыздың мақсаты — болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлау мазмұнын теориялық тұрғыдан негіздеу, жоғары білім беру жүйесінде оның әдістемесін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тиімділігін анықтау.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлау үшін шарттары анықталды:

- орта мектептің бастауыш сынып мұғалімін кәсіби даярлау құралы ретінде «Білім беру жүйесіндегі педагогикалық дизайн негіздері» атты арнайы курстың құрылымы мен мазмұнын оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің іске асырылуы;

- аталған оқу бағдарламасындағы студенттерге арналған «Бастауыш сыныптағы педагогикалық дизайн негіздері» атты арнайы семинар ұйымдастырып, педагогикалық дизайнды игеру;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды кәсіби қызметінде қолдану қажеттігін саналы түсіну және ынтасының болуы.

Аталған мақсаттарға сәйкес келесі міндеттер шешімін табуды қажет етеді:

- педагогикалық дизайнды қолдану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізін анықтау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолданудың педагогикалық шарттарының айқындалуы;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың құрылымдық моделінің жасалуы;

- аталған құрылымдық модельдің тиімділігін тәжірибелік-эксперименталды түрде тексерілуі.

Зерттеу жұмысы 2021-2023 жыл аралығында жүргізілді және үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде — болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың қазіргі жағдайы саралануға бағытталды. Осыған орай, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, нормативтік құжаттарға, білім беру бағдарламасына сараптамалық талдау жасалынды; педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың негізі анықталды; оның бастауыш сыныпта оқыту процесінде алатын орны және даярлықты қалыптастыру деңгейлері межеленді.

Екінші кезеңде — 6В01301-«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының талаптарына сай болашақ бастауыш сынып мұғалімнің қызметінде қолдана білуі және оны жүзеге асыруға қойылатын талаптар сараланды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалып, кәсіби қалыптастыру критерийлері қарастырылды: кәсіби қызығушылығы; педагогикалық дизайн туралы білімдерінің болуы; педагогикалық дизайнды жүзеге асыру технологиясын меңгеруі.

Бұл зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлығын қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтауға және арнайы әдістемелік жүйесін құрылымдауға ықпал етті.

Үшінші кезеңде — болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлығының құрылымдық моделінің тиімділігін дәлелдейтін эксперимент жұмыстарын жасап, нәтижелерін саралап, қорытынды жасауға бағытталды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлығын үш деңгеймен мөлшерлейміз:

- төменгі деңгей — білім деңгейі: студенттер педагогикалық дизайн туралы бастапқы ұғымдарды ажырата алады, оның принциптері мен модельдері туралы білімдері жеткіліксіз. Осы көлемдегі білімдері педагогикалық процесте педагогикалық дизайнды толық қолдануға жеткіліксіз болып табылады.

- орташа деңгей — саналы түрде қабылданған және ең қарапайым іс-шараларды атқаруға жарамды. Педагогикалық дизайн мүмкіндіктерін ажырата алады, бірақ кәсіби деңгейде білімін тиісті деңгейде қолдана алмайды.

- жоғары деңгей — педагогикалық дизайн туралы білімі толық қалыптасқан, тәжірибелік дағдыларын оңтайлы қолдана алады, кәсіби түсініктер мен ұғымдарды еркін ажырата алады, тосын жағдайта еркін пайдалана білетін кезең. Бұл деңгей болашақ мұғалімнің педагогикалық дизайнды қолдануға даярлығы толық қалыптасқандығын сипаттайды.

Қорытынды

Қорыта келе, бірқатар зерттеушілердің педагогикалық дизайнды қолдану бойынша ұсыныстарын, принциптері мен қырларын қарастырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау тәжірибесінде нақты тұжырымдалмағаны және оқу-әдістемелік тұсынан толық қамтамасыз етілмегені айқындалды. Ал біздің зерттеу жұмысымыздың келесі шешімін табу мақсатында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық дизайнды қолдануға даярлау моделін құрылымдау — осы тұжырымның негізінде жүзеге асырылмақ.

Педагогикалық дизайнның ерекшеліктерін, принциптері мен құралдарын, олардың оқытуды дараландыруға дайындықты қалыптастыру процесіне енгізу болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметінде осы уақытқа дейін ол кездейсоқ жүзеге асырылады. Бұл толыққанды зерттелмеген мәселе болғандықтан оны пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауын теориялық тұрғыдан негіздеп, оларды жүйелеу және интеграциялау жоғары білім беру ұйымының алдында тұрған білім беру міндеттерінің бірі болып табылады.

Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімінің дамуына, әрине, жоғары оқу орнының алатын орны ерекше. Студенттердің өзін-өзі көрсете алатын шығармашылық қабілеті, өзінің ойын ашық жеткізе білу, жан-жақты дамуының жетілуі мен қалыптасуы қажет. Сондықтан студенттерге педагогикалық дизайнды қолдануға даярлай отырып, жаңа формациядағы мұғалім тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етуіміз керек. Студенттердің педагогикалық дизайнды қолдануға даярлаудың практикалық іскерлік пен дағдылары әдістемелік арнайы пәндер бойынша білімдерінің негізінде қалыптасады.

Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығы жеке тұлға ретінде қалыптасуы, кәсіби дамуына жағдай жасай отырып, жоғары білім беру оқу орнында бәсекеге қабілетті маман болып шығуының маңызы зор екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы [Электрондық басылым]. — Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>.
- 2 Ершов А.П. Информационно-коммуникационные технологии / А.П. Ершов, Д.В. Зарецкий, В.М. Монахов. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2014/07/29/informatsionno-kommunikatsionnye-tehnologii-apershov>.
- 3 Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы: моногр. / Б.С. Гершунский. — М.: Педагогика, 1987. — 264 с.
- 4 Балапанов Е.Қ. Жаңа информациялық технологиялар: информатикадан 30 сабақ: оқулық / Е.Қ. Балапанов, Б.Б. Бөрібаев, А.Б. Дәулетқұлов. — Алматы: ЖТИ, 2004. — 408 б.
- 5 Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері: оқулық / Е.Ы. Бидайбеков, В.В. Гриншкун, Г.Б. Камалова, Д.Н. Исабаева, Б.Ф. Бостанов. — Алматы, 2014. — 352 б.
- 6 Қараев Ж.А. Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы: оқулық / Ж.А. Қараев. — Алматы, 2006. — 311 б.
- 7 Леонов В.В. Педагогический аспект внедрения дистанционных образовательных технологий в высшей школе Республики Казахстан / В.В. Леонов, Л.Н. Шағалиева, Н.А. Коростелева // Молодой ученый. — 2013. — № 12 (59). — С. 486–488.
- 8 Махотин Д.А. Педагогический дизайн на основе принципов обучения по Меррилу / Д.А. Махотин // Педагогический дизайн: программы, среда, технологии: Период. сб. науч. и метод. материалов. — Т. 1. — М.: ООО «А-Приор», 2020. — С. 13–19.
- 9 Merrill M.D. A design for standards-based knowledge components / M.D. Merrill // Journal of Computing in Higher Education. — 2020. — No 11(2). — P. 3-29.
- 10 Gagne R.M. Harcourt Brace Jovanovich College / R.M. Gagne, L.J. Briggs, W.W. Wager. — New York: University of North Carolina, 1992. — 365 p.
- 11 Gerlach V.S. Teaching and Media: a Systematic Approach / V.S. Gerlach, D.P. Ely. — 2nd ed. Englewood Cliffs, New Jersey: Prentice Hall, Inc., 1980. — 420 p.
- 12 Грецова А.П. Развитие познавательных способностей старшеклассников средствами педагогического дизайна: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 — «Общая педагогика, история педагогики и образования» / А.П. Грецова. — Саратов, 2016. — 24 с.
- 13 Клепикова А.Г. Подготовка будущего учителя к использованию педагогического дизайна в профессиональной деятельности: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 — «Общая педагогика, история педагогики и образования» / А.Г. Клепикова. — Белгород, 2009. — 24 с.
- 14 Краснянский М.Н. Основы педагогического дизайна и создания мультимедийных обучающих аудио/видеоматериалов: учеб.-метод. пос. / М.Н. Краснянский, И.М. Радченко. — Тамбов: ГОУ ВПО «Тамбовский государственный технический университет; Педагогический Интернет-клуб, 2006. — 55 с.
- 15 Уваров А.Ю. Педагогический дизайн / А.Ю. Уваров // Информатика. — 2003. — № 3. — С. 1–32.
- 16 Демидова И.А. Педагогический дизайн и его средства: теоретический анализ и опыт применения в педагогической практике / И.А. Демидова // Педагогика. Вопросы теории и практики. — 2019. — Т. 4. — Вып. 4. — С. 25–32. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://doi.org/10.30853/pedagogy.2019.4.3>.
- 17 Беленко Т.В. Педагогический дизайн в системе профессиональной подготовки будущего учителя / Т.В. Беленко, И.Ф. Исаев // Электрон. науч.-публ. журн. «Homo Cyberus». — 2021. — №1(10). — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: http://journal.homocyberus.ru/Belenko_TV_Isaev_IF_1_2021.
- 18 Акмамбетова М.Е. Технологический подход к проектированию педагогического дизайна в условиях образовательного процесса / М.Е. Акмамбетова, Л.М. Миляева, И.А. Романовская // Мир науки, культуры и образования. — 2019. — №6(79). — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologicheskii-podhod-k-proektirovaniyu-pedagogicheskogo-dizayna-v-usloviyah-obrazovatel'nogo-protssessa>.
- 19 Курносова С.А. Принципы подготовки студентов к проектированию педагогического дизайна / С.А. Курносова // Педагогика и психология. — 2009. — № 11. — С. 66–75. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/printsipy-podgotovki-studentov-vuza-k-proektirovaniyu-pedagogicheskogo-dizayna>.
- 20 Воронина Д.В. Педагогический дизайн в современной России: проблемы и пути развития / Д.В. Воронина // Пед. журн. — 2016. — № 3. — С. 61–68.

С.К. Абильдина, С.Х. Медиева, М.Н. Шаяхметова, М.А. Рахметуллина

Сущность и содержание подготовки будущих учителей начальных классов к использованию педагогического дизайна

В статье проанализировано и изучено понятие «педагогический дизайн» в работах зарубежных и отечественных исследователей. Описаны этапы исследования с учетом многогранности педагогического

дизайна. Рассмотрены аспекты использования педагогического дизайна в практике подготовки будущих учителей начальных классов. В ходе исследовательской работы были рассмотрены проблемы применения педагогического дизайна в процессе подготовки будущего учителя начальных классов, противоречия и условия, возникшие в процессе обучения, а также определена эффективность обучения. Модуль ADDIE является основой для других модулей педагогического дизайна. Использование данного модуля способствует тому, что педагогический дизайн позволяет учащимся проектировать и преобразовывать информационно-образовательную среду. При этом предложено описание трех уровней подготовки будущих учителей начальных классов к использованию педагогического дизайна, определены структурные компоненты и критерии. Выявлено, что проблема подготовки будущих учителей начальных классов к использованию педагогического дизайна в своей профессиональной деятельности не организована на должном уровне и возникает постоянно в целях обеспечения необходимыми учебно-методическими материалами для этой подготовки. По данному направлению проанализированы возможности подготовки будущих учителей начальных классов к использованию педагогического дизайна в своей профессиональной деятельности и определены педагогические условия.

Ключевые слова: информационные технологии, инновационные технологии, педагогический дизайн, образовательная система, учителя начальных классов, педагогическая система, профессиональная подготовка, структурная модель, уровень подготовки, педагогический процесс.

S.K. Abildina, S.Kh. Medieva, M.N. Shayakhmetova, M.A. Rakhmetullina

The essence and content of the preparation of future primary school teachers for the use of pedagogical design

The article analyzes and studies the concept of “pedagogical design” by foreign and domestic researchers. The descriptive stage of the study is based on the multifaceted nature of the pedagogical design. Aspects of the use of pedagogical design in the practice of training future teachers of primary classes are considered. During the research work, the problems of using pedagogical design in the process of preparing the future teacher of primary classes, contradictions and conditions that arose in the process of education, as well as the effectiveness of education were considered. The ADDIE module is the basis for other modules of pedagogical design. With the use of this module, it is said that pedagogical design allows students to project and transform the informational and educational environment. At the same time, a description of three levels of preparation of future primary school teachers for the use of pedagogical design is offered; structural components and criteria are defined. It is determined that the problem of training future primary school teachers to use pedagogical design in their professional activities is not organized at the proper level and arises in order to provide the necessary educational and methodological materials for this training. In this direction, the possibilities of preparing future primary school teachers to use pedagogical design in their professional activities are analyzed and pedagogical conditions are determined.

Keywords: information technologies, innovative technologies, pedagogical design, educational system, primary school teachers, pedagogical system, professional training, structural model, level of training, pedagogical process.

References

- 1 “Bilimdi ult” sapaly bilim beru” ulttyq zhabasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhylygy 12 qazandagy N 726 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 12, 2021 No. 726 on approval of the national project “quality education” educated nation”]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726> [in Kazakh].
- 2 Yershov, A.P., Zaretsky, D.V. & Monakhov, V.M. Informatsionno-kommunikatsionnye tekhnologii [Information and communication technologies]. Retrieved from <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2014/07/29/informatsionno-kommunikatsionnye-tekhnologii-apershov> [in Russian].
- 3 Gershunsky, B.S. (1987). Kompiuterizatsiia v sfere obrazovaniia: problemy i perspektivy [Computerization in the field of education: problems and prospects]. Moscow: Pedagogika [in Russian].
- 4 Balapanov, E.Q., Boribayev, B.B. & Dauletqulov, A.B. (2004). Zhana informatsiialyq tekhnologiiialar: informatikadan 30 saqaq [New information technologies: 30 computer science lessons]. Almaty: ZhTI [in Kazakh].
- 5 Bidaibekov, E.Y., Grinshkun, V.V., Kamalova, G.B., Isabayeva, D.N. & Bostanov, B.G. (2014). Bilimdi aqparattandyru zhane oqytu maseleleri [Problems of informatization and teaching of knowledge]. Almaty [in Kazakh].
- 6 Qarayev, Zh.A. (2006). Dengeilep saralap oqyty tekhnologiiiasy [Technology of level differentiated training]. Almaty [in Kazakh].
- 7 Leonov, V.V., Shagalieva, L.N. & Korosteleva, N.A. (2013). Pedagogizheskii aspekt vnedreniia distantsionnykh obrazovatelnykh tekhnologii v vysshei shkole Respubliki Kazakhstan [Pedagogical aspect of the introduction of distance learning technologies in higher education of the Republic of Kazakhstan]. *Molodoi uchenyi — Young scientist*, 12 (59), 486–488 [in Russian].

- 8 Makhotin, D.A. (2020). Pedagogicheskiy dizain na osnove printsipov obucheniia po Merrilu [Pedagogical design based on the principles of learning by Merrill]. *Pedagogicheskiy dizain: programmy, sreda, tekhnologii. Periodicheskii svornik nauchnykh i metodicheskikh materialov — Pedagogical design: programs, environment, technologies. A periodic collection of scientific and methodological materials, 1*, 13-19). Moscow: OOO «A-Prior» [in Russian].
- 9 Merrill, M.D. (2020). A design for standards-based knowledge components. *Journal of Computing in Higher Education, 11*(2), 3-29.
- 10 Gagne, R.M., Briggs, L.J. & Wager, W.W. (1992). Harcourt Brace Jovanovich College. New York: University of North Carolina.
- 11 Gerlach, V.S. & Ely D.P. (1980). Teaching and Media: a Systematic Approach (2nd ed). Englewood Cliffs, New Jersey: Prentice Hall, Inc.
- 12 Gretsova, A.P. (2016). Razvitie poznavatelnykh sposobnostei starsheklassnikov sredstvami pedagogicheskogo dizaina [Development of cognitive abilities of high school students by means of pedagogical design]. *Candidate's thesis*. Saratov [in Russian].
- 13 Klepikova, A.G. (2009). Podgotovka budushchego uchitelia k ispolzovaniuu pedagogicheskogo dizaina v professionalnoi deiatelnosti [Preparation of a future teacher for the use of pedagogical design in professional activity]. *Candidate's thesis*. Belgorod [in Russian].
- 14 Krasnianskii, M.N. & Radchenko, I.M. (2006). Osnovy pedagogicheskogo dizaina i sozdaniia multimediiynykh obuchaiushchikh audio/videomaterialov [Fundamentals of pedagogical design and creation of multimedia educational audio/video materials]. Tambov: GOU VPO «Tambovskii gosudarstvennyi tekhnicheskii universitet»; Pedagogicheskiy Internet-klub [in Russian].
- 15 Uvarov, A.Yu. (2003). Pedagogicheskiy dizain [Pedagogical design]. *Informatika — Informatics, 3*, 1–32 [in Russian].
- 16 Demidova, I.A. (2019). Pedagogicheskiy dizain i ego sredstva: teoreticheskii analiz i opyt primeneniia v pedagogicheskoi praktike [Pedagogical design and its means: theoretical analysis and experience of application in pedagogical practice]. *Pedagogika. Voprosy teorii i praktiki — Pedagogy. Questions of theory and practice, 4*, 4, 25-32. Retrieved from <https://doi.org/10.30853/pedagogy.2019.4.3> [in Russian].
- 17 Belenko, T.V. & Isaev, I.F. (2021). Pedagogicheskiy dizain v sisteme professionalnoi podgotovki budushchego uchitelia [Pedagogical design in the system of professional training of future teachers]. *Elektronnyi nauchno-publitsisticheskii zhurnal «Homo Cyberus» — Electronic scientific journal “Homo Cyberus”, 1*(10). Retrieved from https://journal.homocyberus.ru/Belenko_TV_Isaev_IF_1_2021 [in Russian].
- 18 Akmambetova, M.E., Milyaeva, L.M. & Romanovskaya, I.A. (2019). Tekhnologicheskii podkhod k proektirovaniuu pedagogicheskogo dizaina v usloviakh obrazovatel'nogo protsessa [Technological approach to the design of pedagogical design in the conditions of the educational process]. *Mir nauki, kultury i obrazovaniia — World of Science, culture and education, 6* (79). Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologicheskii-podkhod-k-proektirovaniuu-pedagogicheskogo-dizaina-v-usloviakh-obrazovatel'nogo-protsessa> [in Russian].
- 19 Kurnosova, S.A. (2009). Printsipy podgotovki studentov k proektirovaniuu pedagogicheskogo dizaina [Principles of preparing students for the design of pedagogical design]. *Pedagogika i psikhologiya — Pedagogy and psychology, 11*, 66–75. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/printsiy-podgotovki-studentov-vuza-k-proektirovaniuu-pedagogicheskogo-dizaina> [in Russian].
- 20 Voronina, D.V. (2016). Pedagogicheskiy dizain v sovremennoi Rossii: problemy i puti razvitiia [Pedagogical design in modern Russia: problems and ways of development]. *Pedagogicheskiy zhurnal — Pedagogical Journal, 3*, 61–68 [in Russian].